

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау  
(6D011100-Информатика) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

### 1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау  
(6D011100-Информатика) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің  
2021 жылы 2 отырысы өткізілді (25.05.2021-31.12.2021).

### 2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### 3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

Ануарбекова Гулзат Джапархановна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

### 4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Ануарбекова Гулзат Джапархановнаның диссертациясы бойынша:

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

*Диссертация тақырыбы – Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу және программалауды оқыту*  
*Мамандық: 6D011100-Информатика*

*Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Медеуов Е.Ө.; п.ғ.к., қауым. профессор м.а. Ошанова Н.Т.; п.ғ.к., доцент Зубарева Е.В.*

*Қорғау 2021 жылдың 1 шілдесінде өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- «ұлттық ерекшеліктер» ұғымының мәні мен ұлттық ерекшеліктер негізінде алгоритмдеу мен программалауды оқытудың қажеттілігі көрсетілген;

- ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы алгоритмдеу мен программалауды оқытудың мазмұны айқындалған;

- ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы алгоритмдеу мен программалауды оқытудың құралы нақтыланған;

- ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы алгоритмдеу мен программалауды оқытудың әдістемесі жасалған.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі*

жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Г.Д. Ануарбекованың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асырумен байланысты.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Алгоритмдеу мен программалауды оқытуға арналған ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесінің электрондық құралы жасалып және ұлттық ерекшеліктер негізінде есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқытудың әдістемесі ұсынылған. Зерттеу жұмысында жасалған құрал мен әдістемені білімнің әртүрлі қадамдарында, мұғалімнің біліктілігін жетілдіру жүйесінде, информатика мұғалімдерінің іс-тәжірибесінде пайдалануға болады.

#### **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Рецензенттер ретінде информатика және білімді ақпараттандыру салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Ануарбекова Гулзат Джапархановнаның диссертациясы бойынша:

Закирова Алма Булатовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті;

Тілеубай Сәрсенкүл Шайкамаловна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауым. профессор міндетін атқарушы.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**


- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

#### **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	6D011100-Информатика
Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-


Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

  
(колы, аты-жөні)

Бидайбеков Е.Ы.



Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы

  
(колы, аты-жөні)

Сағымбаева А.Е.

« 31 » желтоқсан 2021 жыл